

## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ

МЕМЛЕКЕТТІК  
ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН  
ПОЛИЦЕЙЛЕРДІ  
ҚҰТТЫҚТАДЫ



23 маусым елімізде қос бірдей кәсіби мереке - Мемлекеттік қызметші және Полиция күні атап өтіледі. Қоғам өмірінде аса салмақты саналатын қос мамандық иелерінің төл мерекелерінің қатар келуі — екі саланың бір-бірімен жапсарлас екенін білдіреді. Елімізде атқарылып жатқан ілкімді істерге атсалымып, оң имидж қалыптастыру, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, тыныштықты күзету — жауапкершілігі жоғары, күрделі жұмыс.

Кәсіби мереке қарсаңында Мемлекет басшысы қос сала өкілдерін құттықтады. «Құрметті полиция қызметкерлері!

Кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Сіздер заң пен тәртіпті сақтауға, азаматтардың қауіпсіздігі мен тыныштығын қорғауға елеулі еңбек сіңіріп келесіздер.

Әділдік идеясы үстемдік құрған қоғамда полиция қызметкерлеріне жоғары талап қойылып, зор жауапкершілік жүктеледі. Сіздер антқа адалдықтың және жұртқа жанашырлықтың озық үлгісін көрсетулеріңіз керек. Әрбір тәртіп сақшысының қызметін мінсіз атқарып, білікті маман, отаншыл азамат болуы өте маңызды.

Сіздердің әділетті мемлекет пен берекелі қоғам құруға өлшеусіз үлес қосып, «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға атсалыса беретіндеріңізге сенемін. Әрдайым абырой биігінде болыңыздар!

Баршаңызға зор денсаулық, толайым табыс тілеймін!» Сондай-ақ, әлеуметтік желідегі парақшасында мемлекеттік қызметкерлерге арнайы жазба қалдырды:

— Мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекесімен құттықтаймын! Өздеріңізге Әділетті Қазақстанды құру жолында айрықша міндет жүктелген. Сіздер мемлекет пен қоғам мүддесін қорғап, жасампаздық пен жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетесіздер деп сенемін. Еңбектеріңіз жемісті болсын!



www.aigak.kz

RESPUBLIKALYQ APTALYQ GAZET

# АЙТАК

Gazet Qazaqstan Jymalstika Akademiasynyñ "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jymalister odagynyñ Turar RYSQULOV jáne Sattar ERYBAEV atyndaǵy sylyqtarynyñ, "Altyn júrek" sylyǵynyñ iegeri

№25 /sársenbi/ 26 maýsym 2024 ж.



## ШЫМКЕНТ ПЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС НЫҒАЯДЫ

Қазақстан үшін туризм саласындағы 2024 жылдың негізгі оқиғаларының бірі - Қытайдағы Қазақстан туризмі жылының болуы. Ел үшін елеулі жағдайдың негізгі мақсаты — еліміздің туристік әлеуетін ілгерілету, мәдени тәжірибе алмасу, екі ел халықтары арасындағы өзара түсіністік пен достықты нығайту. Мәдениетімен, саудасымен, өндіріс орындарымен, тарихымен әлемге танымал, саяхатшылардың жиі баратын аспан асты елімен танысу. Осы бағытта республиканың әрбір өңірі Қытаймен сауда-экономикалық байланыс аясында жұмыстарды бастап кетті. Шымкент қаласының ресми және іскерлік делегациясының сапары аясында Қытайдың Сиань қаласында Бас консулдықтың қолдауымен бауырлас қалалардың кәсіпкерлерінің қатысуымен сауда-экономикалық форум өтті.

Сондай-ақ, Шымкенттің 20-ға жуық компаниясы мен Қытайдың 30-дан астам кәсіпорын өкілдері арасында B2B-кездесулер өтті. Шымкент бизнес-делегациясының құрамына денсаулық сақтау, IT, электр жабдықтарын өндіру, құрылыс материалдары, металлургия, тамақ және ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, білім беру, қоғамдық тамақтану салаларындағы бизнес өкілдері қатысуда.

Қала әкімі Фабит Сыздықбеков қатысушыларды құттықтап, екі елдің экономикалық ынтымақтастығы мен іскерлік серіктестігінің оң динамикалық өсуін атап өтті.

«Бүгінгі кездесулер сындарлы ынтымақтастыққа ықпал етіп, екіжақты жаңа жобаларды іске асыру перспективаларына жол ашатынына сенімдімін. Сиань «Бір белдеу-бір жол» бастамасының Жібек жолы Экономикалық белдеуінің маңызды нүктесі болып табылады. Өткен жылғы сапар аясында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Шымкент пен Сиань арасында бауырластық байланыс орнату туралы келісімдер бойынша бірқатар құжаттарға қол қойды. Бұл ша-



ралар екі қала арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды жандандыратыны сөзсіз», - деді Ф.Сыздықбеков.

Сондай-ақ, ол Шымкент - халық саны бойынша Қазақстанның үшінші ірі қаласы және алып жатқан ауданы бойынша бірінші қала екенін атап өтті. Қала Орталық Азия және Таяу Шығыс елдерімен белгіленген экономикалық байланыстары бар шекара маңы аймағы мәртебесіне ие және елдің маңызды өндіріс торабы болып табылады. Мұнда елдің өнеркәсіптік әлеуеті шоғырланған. «Қалада инвесторлар үшін барлық жағдай жасалған, жалпы ауданы 869 га 5 өндірістік алаң жұмыс істейді. Бұдан басқа, металлургия, жеңіл және тамақ өнеркәсібін, мұнай химиясын, логистиканы дамыту мақсатында өңдеу өнеркәсібінде 2 098 га аумақта 7 қосымша өндірістік алаң құру бойынша жұмыстар жүргізілуде», - деді ол.

Фабит Сыздықбеков қала әкімдігі Шымкент қаласында сауда қатынастарын орнату және инвестициялық жобаларды табысты іске асыру үшін барлық қажетті қолдауды көрсететінін атап өтті.

Сонымен қатар, келіссөздер барысында екі елдің кәсіпкерлері өз компания-

ларын таныстырды. Қытайлық серіктестер азық-түлік өндірісі, логистика, машина жасау, денсаулық сақтау және медицина салаларындағы ынтымақтастықты дамытуға қызығушылық танытты. Өз кезегінде шымкенттік кәсіпкерлер металлургия, логистика, целлюлоза - қағаз және тамақ өнеркәсібі, машина жасау салаларында іскерлік әріптестікті арттыру мүмкіндіктерін жеткізді.

Форум мен кездесулердің қорытындысы бойынша B2B форматында меморандумдар мен шарттарға қол қойылды. Атап айтқанда, «Invest Shymkent» ЖШС мен «China-Kazakhstan Enterprises Alliance Committee group» арасында «KazferroGroup» ЖШС мен «Shanxi Heynan New Metallurgical Equipment Co.» ЖШС арасында өзара түсіністік туралы Меморандумға қол қойылды. LTP «-» JT food Expert «ЖШС мен» Xi'an gang Tong Tian Xia Dian zi Shang Wu You Xian Gong Si «арасында-қоғамдық тамақтану саласында бірлескен кәсіпорын құру туралы, сондай-ақ» KazBioTech «ЖШС мен» Alashankou city HaoYu Trading Co. Ltd «- өсімдік майын жеткізуге арналған келісім-шарт жасалды.

Арайлым ӘБСАФАТ

## 10 ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ



Аграрлық сала Түркістан облысының экономикалық дамуының маңызды бағыты болып саналады, сондай-ақ өңірдің инвестиция тарту мен жаңа жұмыс орындарын құруда әлеуеті зор. Агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобаларды іске асырудың 2024-2026 жж. Жол картасы аясында Түркістан облысында 507,3 млрд теңгені құрайтын 105 жобаны жүзеге асыру жоспарлануда, 8300 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2024 жылы 114 млрд теңгенің 45 жо-

басын жүзеге асыру жоспарланған, 5 айдың қорытындысы бойынша 7,9 млрд теңгенің 10 жобасы іске қосылды. Бұл облыстың ауыл шаруашылығын дамытуға және өңірдегі экономикалық ахуалды жақсартуға елеулі үлес қосады.

Агроөнеркәсіптік кешенге салынған инвестициялар жекелеген кәсіпорындардың дамуына ғана емес, тұтастай алғанда бүкіл саланың дамуына ықпал етеді.

Осы жылы іске асырылған ірі инвестициялық жобалардың бірі — жылына 25 000 басқа арналған сою пункті. Құны 1,1 млрд теңге болатын жобаны іске асыру нәтижесінде «Қарқын-2030» ЖШС Түркістан облысынан ҚХР-ға ет өнімдерін экспорттауды жоспарлап отырған агроқұрылымдардың қатарына кірді. Кәсіпорында күніне 40-60 бас ІҚМ сойылады, ағымдағы жылы 18 000 бас мал сою жоспарлануда. Шұжық өнімдерін өндіру жолға қойылды.

Аймақтың сүт саласындағы позициясын нығайту бойынша шаралар қабылданды. Атап айтқанда, «YUG-Group-

INVEST» ЖШС қуаттылығы жылына 9600 тонна өнім шығаратын сүт өңдеу кәсіпорнын іске қосты.

Биыл тапсырылған жобалардың қатарында - «Абдашим» ШҚ, «ADIA» ЖШС жылыжай кешендері, 181 га алаңда «Атамекен» ЖШС жаңбырлатып суару әдісін енгізу, 500 га алаңда «Иіржар Агро»ЖК тамшылатып суару жобалары бар. «Хамро ата» ШҚ 310 гектар алқапта мақта, жүгері өсіру үшін тамшылатып суару жобасын іске асырды. Инвестициялық жобаның құны 2,3 млрд теңгені құрады.

Облыс балық шаруашылығы мен құс шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлінуде: «VITA» ЖШС қуаттылығы жылына 130 тонна балық өңдеу жобасын жүзеге асырды, «Мырзашөл құс» ЖШС құны 850 миллион теңгеге ет және жұмыртқа өндіретін құс фабрикасын ашты.

Осылайша, Түркістан облысының агроөнеркәсіп кешеніндегі инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың арқасында өңірдің тұрақты дамуы орын алып, жаңа жұмыс орындары ашылып, экономикалық позициясы нығаюда.

## ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ: КҮН СУЫТҚАНҒА ДЕЙІН БАРЛЫҚ АЗАМАТ ЖАҢА ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ҚОНЫСТАНАДЫ



Мемлекет басшысының үндеуіне жауап бере отырып, ірі бизнес елеулі қолдау көрсетті, бюджеттік ресурстар да тартылды. Бүгінгі таңда 33 141 отбасы 100 АЕК көлемінде өтемақы алды. Осы мақсатқа бюджеттен 12 млрд теңгеден астам қаржы бөлінді», – деді Олжас Бектенов.

Оның айтуынша, зардап шеккен 17 982 үй бойынша тексеру жүргізілді, 15 685 үйді бағалау аяқталды. Үйлердің жартысына жуығы жөндеу мен қалпына келтіруді қажет етеді. Осы мақсаттарға орай 5823 отбасы өтемақы алды. Оған 38,6 млрд теңге бөлінді.

8 мыңнан астам үй апатты жағдайда деп танылды. Олар үшін зиянды өтеудің 2 нұсқасы бар:

1. пәтерлерді немесе үйлерді қайталама нарықта сатып алу;
2. үй салу.

«Біз Президенттің тапсырмасына сәйкес зардап шеккен азаматтардың талап-тілегін орындаймыз. Бүгінгі таңда 3155 отбасы жаңа баспана алды. Түрлі өңірлерде 2049 үйдің құрылысы белсенді жүргізіліп жатыр. Жалпы тұрғын үйді қалпына келтіруге және салуға 251 млрд теңге бағытталды», – деп атап өтті ҚР Премьер-Министрі.

Парламент палаталарының бірлескен отырысы барысында ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектенов ауқымды су тасқынының салдарын жою жөніндегі қалпына келтіру жұмыстарының барысына түсініктеме берді. Үкімет басшысы су тасқыны мыңдаған азаматқа, сондай-ақ инфрақұрылымға, экономикаға және жалпы елімізге айтарлықтай зиян келтіргенін атап өтті, деп хабарлайды Primeminister.kz.

120 мыңнан астам адам өз үйінен эвакуацияланды. Олардың 67 570-і үйлеріне оралды. Бұл ретте бүгін таңертеңгі мәлімет бойынша 3 952 адам эвакуациялық пункттерде қалып отыр. Барлығы 12 мың тұрғын үй (ЖТҚ) және 26 мың саяжай учаскелері су астында қалды. Су астында қалып отырған үйдің саны – 98.

«Көмек көрсету бойынша ауқымды жұмыс атқарылуда.

Сонымен қатар инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға, жолдар зиянын келді. Атап айтқанда, 2,3 мыңнан астам энергиямен жабықтау тіректері қирап, 54 км желі үзілді. Бүгінгі таңда 40% қалпына келтірілді, жаз айларында жұмыс белсенді жалғасатын болады.

Республикалық және жергілікті жолдардың 290 учаскесінде автомобиль қатынасы үзілді. Бүгінде Атырау облысында бір учаскені қоспағанда, барлық учаскелер бойынша қозғалыс қалпына келтірілді. Аталған учаскедегі қозғалыс су кеткен кезде ашылады.

Сонымен қатар, 39 білім беру нысаны су астында қалды. Оның 18-і ағымдағы жөндеуді, 11-і күрделі жөндеуді қажет етеді, 9 білім беру нысаны одан әрі пайдалануға мүлдем жарамсыз және жаңадан салынады. Бір білім беру нысанында әлі де тексеру рәсімі жүргізіліп жатыр.

«Президенттің тапсырмасына сәйкес, күн суытқанға дейін барлық азамат жаңа тұрғын үйге қоныстанып, барлық инфрақұрылым нысандары қалпына келтірілетін болады», – деп түйіндеді Олжас Бектенов.

Primeminister.kz.

## ҚЫТАЙДЫҢ LOONG AIR ӘУЕ КОМПАНИЯСЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ІЛГЕРІЛЕТЕТІН БОЛАДЫ



Алматыда 2024 жылғы 20 маусымда Қазақстан-Қытай сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі конференция шеңберінде «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ мен «Zhejiang Loong Airlines Co. Ltd» арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Бұлу туралы ҚР Туризм және спорт министрілігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Іс-шара аясында «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Қайрат Садвакасов Қытайдың Чжэцзян провинциясынан келген ресми делегациямен кездесу өткізді.

«Қытайдағы Қазақстан туризм жылы екі ел арасындағы туризм саласындағы ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктерін ашуда. Жақында өткен кеңесте ҚР Президенті Қ. К. Тоқаев Туризм жылының маңыздылығын, сондай-ақ әуе көлігін дамыту қажеттігін атап өтті, осы тұрғыда Kazakh Tourism мен Loong Air арасындағы ынтымақтастық аса уақытылы болып табылады», – деп атап өтті Қайрат Садвакасов.

Қол қойылған құжат Қазақстанды Қытайда тартымды туристік дестинация ретінде ілгерілетуге және елдер арасындағы рейстер саны мен туристік ағымды ұлғайту мақсатында маркетингтік ынтымақтастыққа бағытталған. 2023 жылдың қыркүйегінен бастап Loong Air әуекомпаниясы Алматыдан Ханчжоуга тұрақты рейстерді орындай бастады. Шанхайдан 45 минуттық жерде орналасқан Ханчжоу қаласына рейстер аптасына 4 рет орындалады.

Естеріңізге сала кетейік, 2024 жыл ресми түрде Қытайдағы Қазақстан туризм жылы болып жарияланды. Ағымдағы жыл ішінде Қазақстанды қытайлық туристер арасында ілгерілетуге бағытталған 30-дан астам түрлі іс-шаралар өткізу жоспарлануда. Қазірдің өзінде визасыз режим мен елдер арасындағы тікелей рейстердің, сондай-ақ Туризм жылы аясындағы іс-әрекеттердің арқасында Қазақстан бағыты қытайлық саяхатшылары үшін тартымды дестинацияға айналууда. Қазіргі уақытта брондалған сапарлар саны бойынша Қазақстан қытайлық туристер арасында сұранысқа ие елдер тізімінде 40-орыннан 29-орынға көтерілді.

«Kazakh Tourism»

## ШЕГІЛМЕЙТІН ТЕМЕКІ ӨНІМДЕРІНІҢ АЙНАЛЫМЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ТАРТЫЛАСЫҢ!

ИМ шегілмейтін темекі өнімдерінің айналымы үшін жауапкершілікті түсіндірді.

— Құрметті азаматтар! 2024 жылғы 20 маусымнан шегілмейтін темекі өнімдері, электрондық тұтыну жүйелері, вейптер және оларға арналған хош иістендіргіштер мен сұйықтықтардың айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік көзделеді.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске сәйкес шегіл-

мейтін темекі өнімдеріне құрамында никотин бар, темекі жапырағынан өзіндік заттар және олардың синтетикалық аналогтары жатады. Олар сору, шайнау, иіскеу үшін дайындалады. Электрондық тұтыну жүйелеріне, вейптерге құрамында никотин бар немесе жоқ сұйықтықты, басқа да химиялық заттарды, хош иістендіргіштерді қыздыратын құрылғылар жатады. здеріңіз білетіндей, бұған дейін Ішкі істер министрлігі тұрғын-

дарға және кәсіпкерлерге қабилданғалы жатқан өзгерістерді түсіндіру бойынша жұмыстар жүргізді.

Аталған заттарды сату және тарату фактілері анықталған жағдайда кінәлі тұлғаға 200 АЕК дейінгі мөлшерде айыппұл салынады немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстары, не болмаса 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту жазасы, я болмаса 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы қаралған.

7. Жүйе деректерді тексеріп, өтініш берушіге субсидия алуға келісім береді немесе себебін көрсетіп, өтінішін кері қайтарады.

8. Егер өтініш мақұлданса, хабарламада жалға алуаймағы, пәтер ауданы, жалдау ақысының ең жоғарымөлшері мен қатысушыға тиесілі ең жоғары субсидия көлемі көрсетіледі.

9. Субсидия алуға мақұлдау өтініш мақұлданған күннен бастап 1 (бір) ай көлемінде жарамды. 1 (бір) күнтізбелік ай өткеннен кейін өтініш жойылады.

## ЖАЛҒА БЕРІЛЕТІН ТҰРҒЫН ҮЙДІ СУБСИДИЯЛАУ ТӘСІЛІН БІЛЕСІЗ БЕ?



4. Егер пайдаланушы жалға алуды субсидиялауға үміткерлер тізімінде тұрса және Банктің клиенті болса, онда ол өтініш беру мүмкіндігі бар басты беттікөрсетеді.

5. Пайдаланушы өтініш береді. Ол үшін ол төлемалуга өтініш пен дербес деректерді жинауға жәнеөндеуге келісімге қол қояды. Құжаттарға қолқойылғаннан кейін жүйе деректерді өңдейді жәнеотбасының құрамын өзі анықтайды.

6. Отбасының құрамын анықтағаннан кейін, көмелеттік жасқа толған әрбір отбасы мүшесіotbasybank.kz сайтында «қонақ» ретінде тіркеліп, жекедеректерді жинау және өңдеу келісіміне, зейнетақыжинақтарының жай-күйі туралы ақпаратты алу құқығына, табысы туралы ақпараттың шыннайылығынакепіл болатын келісімдерге қол қоюы керек. тініштерге ЭЦҚ көмегімен қол қойылады.

10. «Пәтер иесі туралы деректер» бөлімінде өтінішберуші жалға берушінің ЖСН немесе БСН көрсетуікерек және осы сәттен бастап процесс жалға алынатұрғын үйдің иесі қосылатын екініш кезеңге өтеді.

11. Бұдан әрі баспананы жалға берушіotbasybank.kz сайтында ЭЦҚ арқылы тіркеледі.

12. «Жалға алу ақысын субсидиялау» бөліміндедеректерін растайды.

13. Жүйе жалдау шартын және төлем кестесінқалыптастырады, оған ЭЦҚ көмегімен екі тарап қолқояды.

14. Субсидия алуға өтініш беруші жалдау шартынтіркегені үшін мемлекеттік баж төлейді.

15. Субсидия алуға үміткердің жеке кабинетіндеөтем кестесі бар жалдау шарты пайда болады.

Төлемдерді алу үшін отбасы табысы қандайболуы тиіс?

Отбасының (азаматтың) соңғы 6

Жалға берілетін тұрғын үйді субсидиялау тәсілі. Бұл бағдарлама азаматтардың әлеуметтік осал топтарына жеке тұрғын үйді жалға алу төлемінің 50% көлемінде субсидия төлеуді көздейді. Жалға алуқұнының қалған 50%-ын алушылар өздері төлейтінболады. Бұл туралы ҚР неркөсіп және құрылыс министрлігінің ресми сайтында жарияланды.

Жалға берілетін тұрғын үйді субсидиялауды қалай алуға болады?

Төрт санат бойынша тұрғын үйге кезектетуіран қазақстандықтар мемлекеттің қолдауынаүміткер бола алады:

1. 1 және 2 топтағы мүгедектер

2. мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар

3. жетім балалар

4. көп балалы аналар, көп балалы отбасылар.

Жалдау ақысын субсидиялауға өтінішберместен бұрын, төмендегі шарттарға көз жеткізуікерек:

1. Сізге қолданыстағы электрондық цифрлыққолтаңба (ЭЦҚ) бар.

2. Сіздің Отбасы банкінде депозитіңіз бар. Отбасыбанкінде депозитіңіздің болуы сізге арнайы шотты автоматты түрде ашуға мүмкіндік береді, содан кейіноған төлемдер аударылады.

3. Пайдаланушы otbasybank.kz порталының бастыбетінде субсидиялауға үміткер азаматтар тізіміндеөзінің баржоғын тексереді. Ол үшін otbasybank.kz. порталында ЖСН мен телефон нөмірін енгізу қажет

(алты) айдағыжиынтық табысы отбасының әрбір мүшесінешаққанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген еңтөменгі күнкөріс деңгейінің 1 еселенген мөлшеріненаспауы тиіс.

2024 жылдың 1-ші қаңтарынан ең төменгі күнкөрісдеңгейі 43 407 теңгеге тең. Мысалы, отбасында 5 адам— екі ата-ана және үш бала, олардың бір айдағы жалпытабысы 217 035 теңгеден аспауы тиіс.

Қазақстандық отбасылар жалға берілетін тұрғын үйді өздері іздейді. Оның құнын есептеу кезіндебірнеше факторларды ескеру қажет.

тініш беруші жеке тұрғын үй қорынан жалғаалып отырған баспананың 1 ш.м. жалдау ақысы АЕК-тің жылдық деңгейінің облыстар мен республикалықмаңызы бар қалалар мен астананың коэффициенттерінегізінде есептеледі.

Тұрғын үйді жалдаудың 1 шаршы метрініңбағасы жыл сайынғы АЕК деңгейінің және облыстыңнемесе қаланың белгілі бір коэффициентінің негізінде қалыптастырылады (Жеке тұрғын үй қорынан жалғаалынған тұрғын үй үшін азаматтардың жекеөтен санаттарына төлемдерді тағайындау және жүзегеасыру қағидаларының 3-қосымшасына сәйкес)

Жалға берілетін тұрғын үйдің көлемі: саны 1-ден 3-ке дейінгі отбасы мүшелері үшін - 40 ш. м. артық емес саны 4-тен 5-ке дейінгі отбасы мүшелері үшін-60 ш. м. артық емес саны 6 және одан көп отбасы мүшелері үшін - 80 ш.м. артық емес

Егер тұрғын үй көлемі үлкен болса, онда айырмашылықты жалға алушы өзі төлейді.

## ҚАЛА КҮНІ ЖАҢА КОНГРЕСС-ХОЛЛДА ТОЙЛАНДЫ



2018 жылы 19 маусымда Президенттің №702 Жарлығымен Шымкент қаласы республикалық маңызы бар қалалардың санатына жатқызылған болатын. 2019 жылдан бастап шымкенттіктер 19 маусымда «Қала күні» тойлап келеді. Биыл мерейлі датаны қала халқы мәдениет ордасы — «Tulip Hall» конгресс холл ғимаратында атап өтті. Ел игілігіне берілген жаңа ғимараттағы салтанатты шараға қала әкімі Ғабит Сыздықбеков, қалалық мәслихаттың төрағасы Бахадыр Нарымбетов, зиялы қауым өкілдері мен қала тұрғындары қатысты. Салтанатты іс-шарада қала әкімі мерекеміз құттықтады.

Шырайлы шаһарымыздың бүгінгі шуақты мерекесі - қала күні құтты болсын. 2200 жылдық тарихы бар қаламыз даму шежіресін алтын өріптермен жазып келеді. Қаламыздың келбеті жылдан-жылға ажарланып, экономикасы өрлеп, халықтың әл-ауқаты артуда. Жаңа идеялар мен жоспарлар, ауқымды инвестиция миллионы қаланың дамуына жаңа серпін берді. Игіліктің барлығы - сіз бен біздің ортақ еңбегіміз. з еңбегімен, күшімен және талантымен қаламыздың дамуы мен әл-ауқатына өлшеусіз үлес қосқан баршаңызға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздерге зор денсаулық, амандық, барлық бастамаларыңызға сәттілік тілеймін! - деді Ғабит Әбдімәжитұлы.

Мегаполис мәртебесін алған 6 жылда қаланың экономикалық әлеуеті артып, барлық салада даму көрсеткіші өсіп келеді. Түрлі өндіріс орындары бой көтеріп, инвестициялық көрсеткіші өскен. Жиында қала әкімі Ғ.Сыздықбеков пен қалалық мәслихаттың төрағасы Б.Нарымбетов қаланың дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар азаматтарды Шымкент қаласының «Құрметті азаматы» атағымен марапаттады. Олардың қатарында Орынбай Рахманбердиев, Досыбай Шерімқұлов, Баян Жандосова, Асма Қалыбекова, ркен Әбдіреєв, Момбек Әбдәкімұлы, Серікбай Онбаев сынды белгілі азаматтар бар. Жаңа нысанның ашылу салтанатында көпшілік «Шымкент: Кеше. Бүгін. Ертең» та-

қырыбында көрмені тамашалады. Іс-шарада Қазақстанның халық өртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Талғат Күзембаев, қалалық опера және балет театрының симфониялық оркестрі, хор ұжымы, «Шымкент концерт» концерттік ұйымының өнерпаздары мен «Қаған» вокалдық-аспаптық, «Қазына» ансамбльдері және заманауи бишілер тобы өнер көрсетті. Өлемдік және отандық классикалық музыка қорынан, сондай-ақ отандық композиторлар Е.Хасанғалиев, Е. Шакеєв, Е.Серікбаев, Қ. Сапарбаєвтың үздік туындыларынан әуезді өндер шырқалды.

Заман талабына сай тұрғызылған ғимарат — туризмді түлетуге сеп болмақ. Бүгінде туризм тек тарихи, табиғаты таңғажайып орындарда ғана емес, жаһандану тенденцияларына орайластырылған кез келген жерде ерекше маңызға ие болып келеді. Сондықтан, жаңа ғимарат дипломатиялық тұрғыда өтетін форумдар, іскерлік жиындар, конференциялар, жәрмеңкелер мен көрмелер секілді арнайы шаралар арқылы конгрестік туризмді дамытады. Ірі халықаралық, республикалық жиындар іскерлік туризмді дамытып, қаланың әлеуметтік-экономикалық тұрғыда көркеюіне үлес қосары анық. Жаңа үлгідегі жаңа нысан сондай-ақ, саяхатшыларды өсемдігімен де баурап алады. Құрылысы ерекше, сәулеті көз тартатын мәдени кешеннің жалпы аумағы 5,24 гектар. Нысанның жобасы 2021 жылы бекітіліп, құрылыс жұмысы 2023 жылы басталған болатын. Ал, ғимараттың ауданы — 17 964 шаршы метр. Үш қабатты ғимараттағы концерт залының сыйымдылығы — 2066 орын. Сондай-ақ, 190 орындық конференция залы бар. Мердігер «BI Global» ЖШС құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, қала күніне орай пайдалануға тапсырды.

Екі мың жылдан асатын көне Шымкенттің туризмнің сан саласы бойынша өзіндік орны бар. Сол тізімді толықтырған жана конгресс-холл ғимараты шаһардың экономикасы мен тұрмыс-тіршілігінің одан әрі жақсартуына үлес қосары анық.

Бауырлас қалалар Шымкент пен Худжандтың арасындағы байланыс — экономикалық көрсеткішті жақсартып келеді. Жақында, 17-19 маусым күндері Тәжікстан Республикасының Худжанд қаласында «Сугд-2024» Х Халықаралық сауда жәрмеңкесі өтті. Оған Шымкент қаласы өкімінің бірінші орынбасары Қ.Асыллов бастаған делегация қатысып қайтты. Іс-шара аясында Қазақстанның Тәжікстандағы елшісі У.Әмірханұлы қала өкімінің бірінші орынбасары Қ.Жұмабекұлы, Согды облысының төрағасы Раджаббой Ахмадзодамен және Худжанд қаласының төрағасы Ш.Фирдавспен келіссөз жүргізді. Келіссөз барысында Шымкент пен Худжанд қалалары арасындағы ынтымақтастықты арттыру, экономиканың түрлі салаларында бірлескен жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктері талқыланды.

Сонымен қатар «Сауда-инвестициялық мүмкіндіктер және ынтымақтастықтың әлеуеті» тақырыбымен өткен бизнес-форумына қатысқан делегация үшінші мегаполистің инвестициялық мүмкіндіктері мен перспективаларын збекстан Республикасының Ташкент, Наманган, Ферғана, Самарқан, Бұқара, Сырдария облыстарының өкімдеріне, Өзірбайжан Республикасының Гянджа қаласының мэріне, Ресей Федерациясының Нижегород, Мәскеу, Свердловск, Пенза, Липецк, Челябинск, Воронеж облыстарының губернаторларына және Қытай Халық Республикасының Шэньси провинциясының басшысы

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САУДА ЖӘРМЕҢКЕСІ ТУРИЗМДІ ДАМУҒА СЕП



мен халықаралық қаржы ұйымдарына таныстырды.

Халықаралық сауда-жәрмеңкесіне шаһардан барған делегацияның қатарында кілем бұйымдарын шығаратын «Бал Текстиль» тоқыма кәсіпорны, аяқ киім шығарумен айналысатын «Lux Shoes» фабрикасы, «GraMaD retail», «Маркет» сауда желілері және «Колесников» көкөніс өндірісі өнімдері ұсынылды. Аталған кәсіпорындар еліміздегі нарықта өз орнын алған, тауарлары сұранысқа ие, отандық өнімдер.

Жәрмеңке қорытындысы бойынша бизнес-делегация өзге елдерден келген әріптестерімен 5 коммерциялық құжатқа және жалпы сомасы 400 мың АҚШ долларын құрайтын келісімшартқа қол қойды. Халықтың табысын арттыру үшін салынған өндіріс орындары қала экономикасын жақсартып, халықаралық туризмді дамытуда. Осы сапар аясында жасалған келіссөздер негізінде екі елдің арасындағы тауар айналымы ұлғайып, ол өз кезегінде сұраныстың артуына, жұмыс

орындарының көбеюіне алып келеді. Мәселен, Шымкент қаласында жеңіл өнеркәсіп саласында 180-ге жуық кәсіпорын жұмыс істесе, оның 45 пайызы тоқыма фабрикаларының үлесінде. Соңғы 4 жылдықта бұл саланың инвестиция көлемі артқан. Қазіргі

таңда «Бал текстиль» тоқыма фабрикасының өнімі алыс-жақын шетелге танымал. Қазақстандағы бірегей кілем өндіруші «Бал Текстиль» фабрикасының өнімдері экспортқа BAL CARPET брендімен шығып жатыр. ткен жылы кәсіпорын тарапынан Тәжікстан, Ресей, Қырғызстан, збекстан елдеріне 5 млрд теңгеден астаны қаржыға өнім экспортталған. Сауда туризмін дамытуға жол ашатын кездесуде жаңа бастамалар талқыланып, сала өкілдерінің тәжірибе алмасуына, іскерлік байланыстарды орнатуына мүмкіндік берді. Бауырлас қала Худжандтағы кездесу, жауапты сала басшыларының келісімі Шымкенттегі өндіріс орындарының өсімі мен көлемін ұлғайтуға сеп болмақ. Яғни, бұл іс-шаралар мегаполистің ынтымақтастықты арттырып, шет мемлекеттермен экономикалық байланыстарды дамытуға ұмтылысын көрсетеді. Іс-шара - халықаралық байланыстарды нығайтуда Шымкент пен Худжанд арасындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуда маңызды қадам болып отыр.

## БАЛАЛАР ЛАГЕРЬЛЕРІНДЕ ҚАНДАЙ САНАТТАҒЫ БАЛАЛАР ТЕГІН ДЕМАЛУҒА ҚҰҚЫЛЫ?

БАЛАЛАРДЫ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫ БОЙЫНША СҰРАҚ ЖАУАП

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ жан басына шаққандағы орташа табысы ең төменгі күн көріс деңгейінен төмен мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан және жетім балалар, балалар отбасында тұратын ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, төтенше жағдайлар салдарынан шұғыл көмекке мұқтаж отбасылардың балалары, студенттер мен оқушылардың басқа санаттары.

**Тегін демалуға жолдама алу үшін ата-аналар қайда жүзінугі керек?**

Жауап: Мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім алушылары мен тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалыс беруге мемлекеттік қызмет алу үшін жеке тұлғалар облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың білім басқармаларына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың білім бөлімдеріне, білім беру ұйымдарына, «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясына немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы қажетті құжаттарды қоса бере отырып, өтініш жолдайды.

**Жолдама алу үшін қандай құжаттарды ұсыну қажет?**

Жауап: Тіркеу кезінде қажет болатын құжаттар

- 1) өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі);
- 3) «АХАЖ тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі — АХАЖ АЖ) мәліметтер болмаған кезде не Қазақстан Республикасынан тыс жерде



туылған баланың (балалардың) электрондық нысандағы туу туралы куәлігі немесе оның қағаз жеткізгіштегі көшірмесі;

4) неке қию немесе бұзу туралы куәліктің көшірмесі (АХАЖ АЖ-да мәліметтер болмаған кезде);

5) «денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 071/е нысанына сәйкес сауықтыру лагеріне кететін оқушыға медициналық анықтама (бұдан әрі — №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығы);

6) мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі: мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балалар үшін-көрсетілетін қызметті алушының (отбасының) жергілікті атқарушы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама;

(Жалғасы 7-ші бетте)



Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.

Республикалық экологиялық «Таза Қазақстан» акциясы Түркістан облысында қарқынды жүреді. Акция аясында Арыс қаласында сенбілік өтіп, шараға қалалық мәслихаттардың депутаттары, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, еңбек ұжымдарының өкілдері, қала жастары атсалысты.

Экобелсенділер ағаш түптерін өктеп, жасыл желектің түптері мен жол жиектерін арамшөптерден тазалады. «Таза Қазақстан» акциясының басты мақсаты — үйіміз бен туған жерімізді таза ұстау, қоқыс шашпау, халық арасында экологиялық сауаттылықты арттыру, экологиялық мәдениетті сақтауды үйрету.

«Таза Қазақстан» акциясы басталған сәуір айынан бері Түркістан облысы бойынша облыстағы 2500-ден астам білім беру ұйымдарында (1421 балабақша, 1052 мектеп, 50 колледж) экологиялық мәдениетті қалыптастыра отырып, отансүйгіштікке, табиғатты қорғауға, халықты қоршаған ортаны ластамауға үйрету.

Балаларды табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелейтін 2000-ға жуық ашық сабақ, 650 кездесу, 960 дөңгелек үстел өткізілген.

Акция аясында облыста медициналық нысандардың аумағында 10 957 дана түп ағаштары отырғызылып, 61 842 ағаш түптеріне өктеу жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, облыс аумағында орналасқан туристік нысандар аумақтарына санитарлық тазалау жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әзірленген жол картасына сәйкес, Қ.Ясауи кесенесі, Отырар қалашығы, Ұқаш-ата Кесенесі, «Шаға» туристік — рекреациялық орталығы, «Ақмешіт» жерасты үңгірі, «Домалақ ана» кесенесі мен бұлағы, Бибі мәриям кесенесі, Шахан ата кесенесі, Ұқаша Ата кесенесі, Гаухар ана кесенесі, Арыс музей гимараты, Шаммат Ишан музейі, Ерубаев музейі сынды киелі және тарихи орындарда тазалық акциялары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, Түркістан облысы

## «ҮЛГІЛІ АУЫЛ» ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



Волонтерлік ұйымдардың бастамасымен «Жас Түркістан» еріктілер ассоциациясы құрылып, «Бұл сенің өңірің» акциясы негізінде тимбилдинг өтті.

Жастар «Таза Алем» ұлттық жобасы бойынша «Қоршаған ортаны таза ұстау - әрбір азаматтың борышы» тақырыбы аясында жазғы шомылу маусымдағы өзен, көл маңдарын тазалауда.

Облысқа қарасты аудан, қалаларда «Таза Жағажай», «3 өмірің - өз қолыңда» тақырыбы аясында, шомылу маусымындағы қауіпсіздіктің алдын алу мақсатындағы ұнпарақшалар таратылуда. «Эко волонтер» атты ерікті жастар киелі өлкелер мен өзен, тауларда қоқыс іздеу сайысы өтті.

Акцияға атсалысып жүрген Қазақстан халқы Ассамблеясының облыстық 11 этно мәдени бірлестіктер мүшелері әр сенбі күні аумақтық сенбіліктерге белсенде қатысып келеді.

Этностар көп орналасқан Сайрам, Сауран, Жетісай, Мақтарал, Келес, Төлеби аудандарында Ассамблея жастары «Бірлігіміз жарасқан» тақырыбында плагинг сайыстары арқылы айналыны тазарту акцияларын дәстүрлі түрде өткізуде. Сайрам ауданында «Қоқыстан



күнды заттар жасау идеялары» жүзеге асырылуда.

«Generation» қоғамдық бірлестігі Сайрам ауданындағы білім беру ұйымдарымен бірлескен 36 экологиялық акция өткізді. Аталған акция бойынша 15 тоннаға жуық қайталама шикізат сатып алынып, қайта өңдеуге жіберілді. Бұл ретте, қоқысты арнайы жерге апарудың қажеті жоқ, бұл өз кезегінде оны апаратын жол мен жергілікті аймақтарды таза ұстауға өз септігін тигізуде.

Топырақ суларын қорғау және жердің тозуымен күресу мақсатында Төлеби ауданы, Ленгир қаласында орналасқан мүгедек балалардың мектеп-интернаты үшін экосантуалет құрылысын жүргізу жоспарлануда.

Облыста экологиялық бағытта 4 үкіметтік емес ұйым жұмыс жасайды. «Гем» қоғамдық бірлестігін тарапынан табиғи аймақты сақтап қалу мақ-

сатында экоагротуризмді дамыту бойынша жаңа жоба іске асуда. Аталған жоба өңірге келген туристерге «жасыл» технологияларды күнделікті өмірге ендіру бойынша шебер-сынныптар көрсетіліп, демоучаскелерде 16 саяхат жүргізілді. Табиғи жолмен энергия көзін ашып, өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша да бірқатар шаралар атқарылды. «Гем», «ЭКО-Атамекен» қоғамдық бірлестіктері Сайрам-Гем, Қаратау қорықтарындағы табиғатты қорғау мақсатында 7 экоакция өткізіп, жергілікті тұрғындар мен туристердің экологиялық мәдениетін қалыптастыруда үлесі ерекше болды.

Алдағы уақытта «Қазавтожол» Ұлттық компаниясы» АҚ арқылы Түркістан облысы аймағында орналасқан ақылы автожолдардың бақылау бекеттерінен өткен автокөлік иелеріне «Құрметті жол жүргізуші, тазалық сақтап, жол бойында қоқыс тастамауларыңызды сұраймыз! Бұл — біздің Қазақстан, бұл — Таза Қазақстан!» мәтінді SMS-хабарламаларды жіберу жоспарлануда. Облыс әкімі Дархан Сатыбалдының бастамасымен «Үлгілі ауыл» облыстық байқауы бастау алды. Бұл өз кезегінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясының жалғасы болып табылады.

Байқау екі кезеңнен тұрады: 1-кезең — аудандық, яғни облыстағы 15 аудан, қалада байқаудың аудандық кезеңін өткізу үшін арнайы комиссиялар құрылып, 1 қыркүйекке дейін құжаттар қабылданады. Жеңімпаз ауылдар облыстық комиссияға ұсынылып, 1 қарашаға дейін «Үлгілі ауыл» жеңімпазы анықталады. Экологиялық акцияны табысты жүзеге асырған ауылдар арасынан жеңіп шыққан жүлдегерге бір әлеуметтік нысан салынады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, осы бағыттағы жұмыстар бір реттік акция емес, елімізді көгалдандыру және абаттандыру бағытындағы тұрақты түрде іске асырылатын жұмыстар болып жалғасын табатын болады.

## СҮҢГҮІРЛЕР РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН СУ АЙДЫНДАРЫНЫҢ ТҮБІН ТАЗАРТТЫ



Арыс қаласының әкімі Гүлжан Құрманбекова тиісті сала басшыларына сута шомылу маусымына дайындықты ширатып, қауіпсіздік шараларын пысықтауды тапсырған болатын. Осы орайда, Арыс қалалық Төтенше жағдайлар бөлімі суда адам өліміне жол бермеу мақсатында қалалық өкімдікпен бірге кешенді алдын алу шараларын жүргізуде.

Төтеншеліктер рұқсат етілген су айдындарына зерделеу жүргізді. Атап айтқанда, облыстық ТЖД-нің жедел құтқару жасағының сүңгуірлері Арыс өзені көпір асты мен Теміржолшы елді мекенінде орналасқан жағажайда су астын қауіпті заттардан (сынған ағаш, бөтелке, шиша, темір) тазартты.

Мамандар тұрғындардан қауіпсіздік ережелерін сақтауға: көпірлерден секірмеуге; балаларды қараусыз тастамауға; қолдан жасалған жүзу аспаптарын қолданбауға кеңес береді.

## «НЕКЕ TOUR» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУЫ БАСТАЛДЫ

Түркістан қаласында «Neke tour» республикалық байқауы басталды. Биыл екінші рет қатарынан ұйымдастырылған байқауға 100-ге жуық жұп өтінім жіберді. Байқауға ресми некедегі және өтініш берерде неке қию туралы куәлігі бар, жасы 18-ден асқан жұбайлар қатысты. Іріктелген 20 жұп «Шаңырақ», «Махаббат», «Ару», «Жанұя» номинацияларымен марапатталып, ұйымдастырушылар тарапынан түрлі сыйлықтарға ие болды.

Атап айтқанда, бас жүлде — «Шаңырақ» номинациясының иегері Түркістанға бару және қайту, қонақ үйде тұру, кешкі ас және фотосессия мен дәстүрге сай неке қиюға жолдама алды. Сонымен қатар өзге де номинацияға ие болған жұптар да белгіленген сый-сияпаттарға ие болды. Қатысушылар үшін киелі өңірде неке қиюдың барлық жөн-жоралғысы дайын-

далды.

Алғашқы күні қала имамдары жұптардың некесін қиып, отбасылық қадамдарына ашық жол тіледі. Халқымызда неке — қасиетті ұғым, беріктік шарты, отбасы құрудың негізі екенін алға тартып, отбасылық өмірде арадағы сыйластық, құрмет, адалдық қасиеттерін сақтаудың маңыздылығын айтты. «Open Turkistan» туристік ақпараттық орталығының бас директоры Серік Сандыбаев қатысушылардың Түркістанда неке қиюға деген белсенділігіне алғыс білдіріп, екі күн қатарынан жас жұбайларды қызықты мәдени және экскурсиялық бағдарлама күтіп тұрғанын айтты.

Жалпы еліміздің түкпір-түкпірінен рухани мекенде неке қиюға ниет білдірушілер қатары аз емес. «Neke tour» неке қию рәсіміне Астана, Алматы, Шымкент, Қызылорда, Атырау, Кен-

тау және Түркістан қаласы мен облысынан өтінімдер келіп түскен болатын. тінім берушілер, өмірлеріндегі ерекше күнде рухани мекенде неке қию — көптен ойлаған тілектері екенін айтты. йткені жұптар тек некесін қиып қана қоймай, Түркістан облысының көрікті жерлеріне саяхат жасап, маңызды күнді есте қаларлықтай етіп өткізеді. Атап айтқанда, іс-шараның екінші күнінде танымдық және экскурсиялық бағдарлама ұйымдастырылып, қатысушылар Арыстан баб және Гаухар ана кесенесі мен Отырар қалашығы, Отырар музейінің тарихымен танысады.

Аталған іс-шараны дәстүрлі түрде жыл сайын өткізіп, өңірдегі салт-дәстүрлерді ұмыт қалдырмай және оған бүкіл ел тұрғындарын қатыстыра отырып, маңыздылығын сақтап қалу жоспарланған.

## ӨЗБЕКСТАННЫҢ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫМЕН КЕЛІССӨЗДЕР ЖҮРГІЗІЛДІ

Түркістан өңірінде облыс әкімі Дархан Сатыбалдының тапсырмасымен өндірісті дамыту, инвестиция тарту, жұмыс орындарын ашу бағытында ауқымды жұмыс жүріп жатыр. Сонымен бірге шет мемлекеттердің өндірістегі тәжірибелері зерттеліп, келіссөздер жалғасуда. Түркістан облысының делегациясы жеңіл өнеркәсіп саласын дамыту мақсатында збекстан Республикасының Ташкент, Самарқан, Жызақ өңірлеріндегі мата-тоқыма кәсіпорындары басшыларымен кездесіп тәжірибе алмасты.

Келіссөздер жүргізіліп, осы салада өріптестік орна-тылды. Тоқыма саласын-

дағы танымал «SAFF TEXTILE» ЖШС, «Afrasiab jeans textile» ЖШС, «Aya textile» ЖШС, «VIRTUS Tricot» ЖШС, «Daka Tex» ЖШС және «Samarqand euro asia textile» компанияларымен келісімдер жасалды.

Түркістандық делегация збекстанның бірнеше аймағында кездесулер өткізді. Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы басшысының орынбасары Нүргүл Абдрақова аймақтың инвестициялық әлеуеті, экономикалық дамуы туралы баянда-

ма жасап, жеңіл өнеркәсіп саласында өріптестік орнату бағытындағы жұмыстарды жандандыра түсуді ұсынды. Бірлескен жобаларды іске асыру шеңберінде «зтекстильпром» қауымдастығы мен Түркістан облысының өкілдері арасындағы ынтымақтастықты кеңейту жөніндегі мәселелер мен ұсыныстарды талқыланды. збекстанның тоқыма саласы кәсіпорындарының жұмысын көру, тәжірибе алмасу жол-

дары қаралды. Ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қою мәселесі де сараланды.

Айта кетейік, Түркістан облысы әкімінің тапсырмасына сәйкес, Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының ұйымдастыруымен «Қазақстан Республикасы тоқыма және тігін-тоқыма өнеркәсібі кәсіпорындарының қауымдастығы» заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер бірлестігі ресми тіркеуден өтіп жатыр.

Бетті әзірлеген: Ақерке ҚҰДАЙБЕРГЕН

## ДЕМІКПЕСІЗ ӨМІР СҮР!

Бронх демікпесі бұл – бронхтардың әртүрлі тітіркендіргіштерге сезімталдығының күшеюімен жүретін, тыныс алу жолдарының созылмалы ауруы. Демікпенің дамуына әртүрлі факторлар әсер етеді. Соның ішіндегі ең маңыздылары қоршаған орта факторлары, сондай-ақ адамның тұқым қуалайтын ерекшеліктері.

Бронх демікпесі ауқымды өлемдік мәселе болып табылады, ол кеңінен таралуы әрі медициналық-өлеуметтік мәнімен ерекшеленеді. Жасы мен өлеуметтік деңгейі әртүрлі адамдар, барлық ұлт өкілдері тыныс жолдарының осы созылмалы сырқатына душар болуда, бұл ауру тиімсіз емделген кезде немесе емделмесе күнделікті өмір сүруді біршама шектейді, кейбір жағдайларда тіпті ауыр асқынуларға ұшыратады. Бүгінгі күні тыныс жолдары ауруына шалдыққандар қатары жылдан-жылға артып келеді. Бронх демікпесінің ұстамасы әдетте түнде немесе таңертеңнен басталады. Сонымен қатар, демікпені уақтылы және дұрыс алдын алу арқылы болдырмауға болады, бұл көбінесе оны емдеуден гөрі тиімді.

Демікпенің алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шаралар ұсынылады:

1. Бастапқы профилактикалық іс-шаралар аурудың алдын алуға бағытталады:

Бұл бірінші кезекте салауатты өмір салтын ұстану: зиянды әдеттерден аулақ болу, дұрыс тамақтану және тамақтану режимін ұстану, физикалық дене белсенділігі;

Иммунитетті күшейту;  
Гипоаллергенді жугыш заттарды таңдау;

Экологиялық таза аудандарда тұру, серуендеуге шығу;

2. Екіншілік профилактика – бронх демікпесіне шалдыққан пациенттің жағдайын жақсартуға және жеңілдетуге, жігі тұншығу ұстамалары мен асқынулардың алдын алуға бағытталған шаралар кешені.

Негізгі әрі маңызды ұсыныс – шаң, үй жануарларының жүні, тұрмыстық химия және жугыш заттар, аллергия шақыруы мүмкін тағамдық өнімдермен байланысты толығымен болдырмау керек;

Көп мөлшердегі ылғалдылық пен зеңнен құтылу;

Тыныс алу жаттығуларын орындау;

Суық тию мен тыныс алу жолдарының созылмалы ауруларының алдын алу және уақтылы емдеу;

Ылғалды тазалау және бөлмені үнемі желдету.

3. Үшіншілік профилактика мақсаты – қалыптасып үлгерген аурудың асқынып, ұшығып кетуіне жол бермеу. Ағзаға нақты қай аллергия әсер ете-

тінін табу жәәне ол аллергияның ағзаға түсуін болдырмау.

Ал балаларда демікпенің алдын алу шараларының негізі - ана сүтімен тамақтандыру. Ана сүті ең алғашқы баланың иммунитетін қалыптастырушы. Сондықтан балаңыздың иммунитеті мықты болсын десеңіз, ана сүтімен тамақтандырыңыз. Бала өміріне жағымды жағдай жасаңыз. Баланың жеке гигиенасына мән беріңіз. Тыныс жолдары созылмалы ауруларының алдын алыңыз.

Жоғарыда келтірілген профилактикалық іс-шаралар демікпені болдырмаудың гана емес, оны емдеудің де тиімді әрі дұрыс тәсілдері. Денсаулық – баға жетпейтін асыл дүние. Өз денсаулығымызды бағалайық!

**Молдабаева Айжан Мәдіханқызы,**  
Қызылорда облыстық СӨСҚО маманы

## ЗОЛОТЫЕ ПРАВИЛА ЗДОРОВЬЯ ПРИ ОСТРЫХ КИШЕЧНЫХ ИНФЕКЦИЯХ

Острые кишечные инфекции (ОКИ) - это заболевания желудочно-кишечного тракта, вызываемые различными бактериями, вирусами или простейшими.

Заболеть ОКИ можно в течение всего года с подъемом в летне-осенний период. Болеют взрослые и дети, наиболее часто дети - в возрасте от 1 года до 7 лет.

Источником инфекции являются человек или животное. Инфекция передается через рот, возбудитель растет и созревает в кишечнике, а его микробы попадают во внешнюю среду с фекалиями и распространяются.

Заражение может произойти из-за низкой степени гигиенической чистоты, употребления продуктов питания, то есть немытых овощей, сырого молока, некачественной недозаваренной пищи, а также употребления питьевой воды без

кипячения, при попадании в грязную воду. В летние месяцы заражение в большинстве случаев передается мухами.

